



OZEN

№8 (78) ТАМЫЗ 2022 Ж

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



Құрметті әріптестер!

Бәрімізге тарихи мәні зор, мерейлі мереке 30 тамыз – Қазақстан Республикасы Конституциясы күні құтты болсын!

Еліміздің Ата Заңы жаңа Қазақстан жетістіктерінің кепіліне айналды. Тиімді құқықтық жүйені орнықтыру арқылы біз экономикалық өсімге және қоғам әл-ауқатының артуына қол жеткіздік.

Әкімшілік және құқықтық реформалар, жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту, әлеуметтік жаңғырту - мұның бәрі берік Конституциялық негізде жүзеге асырылуда және халықтың өмір сүру деңгейін одан әрі ұлғайтуға бағытталған.

Бүкіл жарқын істері қайнар бастауына айналған Ата Заңымыз тәуелсіздік, тұтастық, тыныштық, бейбіт өмірі тұғырына айналды.

Әрбір қазақстандық Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

Ата заң – мемлекет жарқын болашағының кепілі. Осы құжаттың арқасында біз тұрақтылық, келісім мен өркендеу жолымен болашаққа нық қадам басамыз.


Біздің басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздігіміз, келісім мен бірлігіміз нығая берсін.

Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін.

Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Мақсат Ибағаров

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік департаментінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі.
Қауіпсіздік департаментінің сенім телефоны: +7 (72934) 65-1-54.
Электронды поштасы: doverie@umg.kmgp.kz



ШІЛДЕ АЙЫНДАҒЫ МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШІ





Өзенмұнайгаздықтар МАРАПАТТАЛДЫ

«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясының Маңғыстау облыстық филиалы төрағасы Жаңбырбай Матаев, Жаңаөзен қалалық филиалы төрағасы Мақсат Мұқаш компанияның басқару аппараты қызметкерлерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Жаңбырбай Матаев партияның ұсынысымен бір топ мұнайшыларды марапаттады.

Атап айтатын болсақ өндірісті модернизациялау және жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту кешенді бағдарламасы аясында көптеген құрылыс нысанының салынуына сүбелі үлес қосқаны үшін, күрделі құрылыс жөніндегі басқарушы директор Бисен Ратовқа «ҚР еңбегі сіңген құрылысшысы» марапаты тапсырылды.

Сондай-ақ өндірістегі ерен еңбегі үшін №3 МГӨБ директоры Мақсат Тоқпанов, №3 СҚКБ директоры Нұрбек Союнов, транспорт департаменті директорының орынбасары Сапар Өскеновтер «Ақ жол» партиясының «Еңбегім еліме» атты төсбелгісімен марапатталды.



Ай жабу жиыны өтті



«Өзенмұнайгаз» АҚ акт залында компанияның биылғы 2022 жылдың шілде айында атқарылған жұмыстарының негізгі көрсеткіштерінің орындалысы туралы жиналыс өтті.

Бас директор Мақсат Ибағаровтың қатысуымен өткен шараға компания активі, мердігер компания өкілдері қатысты.

Жиында компанияның өндірістік-техникалық, экономикалық-қаржылық көрсеткіштері, жерасты жабдықтары мен арнайы техникаларды жаңарту процесі, Өзен кен орны өндірістік және қаржылық тиімділігін барынша арттыру қажеттілігі айтылды.

Шілде айында қоғам бойынша атқарылған жұмыстың нәтижесі талқыланып, департамент және басқарма директорларының есебі тыңдалды. Жиын соңында алдағы уақытқа жоспарланған шаралар барысы сөз болып, басқарма директорларына нақты тапсырмалар берілді.

Бас директор әріптестерін жылдық жоспарды ойдағыдай орындап, 2022 жылды жақсы қорытындылап, 2023 жылды табыспен қарсы алуға шақырды.



Күш-бірлікте!



«Өзенмұнайгаз» жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ-ның төрағасы Бекқали Уақбаевтың бастауымен, басқарма кәсіподақ төрағаларының қолдауымен Мұхарам айы, қасиетті жұма күні №2,4 МГӨБ жанындағы, №4 асханада садақа таратылды. Аталған шараға бас директор М.Ибағаров келіп, қабыл болсын айтып, дастарханнан дәм татты. Мұнайшы арасында ауызбіршілік пен татулықты, өндіріске деген жанашырлықты, болашаққа деген сенімді арттыру мақсатында Алла разылығы үшін берілген садақаға 150-ден астам адам жиналды. Теңге ауылы, «Қосай ата» мешітінің бас имамы Нұрмұхамед молда садақаның апаттан қорғап, келе жатқан пәлені жойып, ырзықты молайтатынын айтты. Азаматтар беріп жатқан садақаны дүрліккен дүниеде, еліміз аман, жұртымыз тыныш, отбасы Отанымызда жемісті еңбек етіп жүруімізге қосқан үлес деп түсінгеніміз жөн. Бұрғылау жұмыстар басқармасының машинисі Төлеп Жауғаштыұлы бата беріп, құран оқыды. Барлық мұнайшы ата-бабасына бағыштап оқылған дұға қабыл болғай! Өзен кен орны дамып, бірлігіміз нығая түссін!





ӨНДІРІС

Бәрі де жігіттердің АРҚАСЫНДА



Өндірісте аса қауіпті жұмысты атқаратын цехтың бірі – БЖБ-ға қарасты СКЖЖАЖЦ. Скважиналарға күрделі және жерасты жөндеу жасайтын цех 4 МГӨБ-ке қызмет көрсетеді. Оның құрамындағы 4 бригада – күрделі, 20 бригада – жерасты жөндеу жұмыстарымен айналысады.

Жұмысшылары күніне, айына белгіленген жоспарды артығымен орындап, Өзен кен орнының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүр. Цех басшысы Талғат Тәшпенев:

– Бізге күніне 6-7 скважинаға жер асты жөндеу жасау керек болса, 9 скважинаны өндіріске дайындап, ай сайынғы көрсеткішті де 35,47 ұңғыға артық орындап жүрміз, – дейді.

Цех ұжымында спортты жанына серік еткен мұнайшылар да көптеп кездеседі. Олар басқарма мерейін өсіріп, шағын футбол, волейбол, арқан тартыс сынды спорт түрлерінен оза шауып, жүлделі орындар иеленіп жүр. Мәселен, Ричард Есебаев, Мұрат Әлібаев атты жұмысшылар футболдан мекемелер арасындағы турнирлерде «Үздік ойыншы» номинациясын сан мәрте иеленген. Нақ осы футболшылардың арқасында БЖБ құрама командасы бірнеше жылдан бері жеңіс тұғырынан көрініп келеді.

МЕРЕЙ

Жақсылыққа мың алғыс!

Атырау қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес және тәуелді компаниялар арасында өткен спартакиадада «Өзенмұнайгаз» командасының белді мүшесі Бақытбек Жақсылықов өте кең тараған ойын түрі үстел теннисінен бас жүлдеге ие болды.

Козғалыс белсенділігін, жылдамдық пен ептілікті қажет ететін спорттың бұл түрі денені шынықтырады, қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады.

Еліміздің әр жерінен келген 20 компанияның ең күшті спортшылары қатысқан жарыста бас жүлдегер атанып, команданың намысын қорғап, абыройын асқақтатқан Жақсылыққа мың алғыс!



ДЕНСАУЛЫҚ

ДЕНСАУЛЫҚ

Мұнайшы денсаулығы — БАСТЫ НАЗАРДА

«Өндірістік медицина» ЖШС басшылығының ұйымдастыруымен санитарлық-ағартушылық жұмысы жүргізілді.

Аталмыш серіктестік қызметкерлері мұнайшылар автобустарында қауіпті аймаққа жататын өндірісте төтенше жағдай кезінде сақтану тәсілдері мен алғашқы медициналық көмек көрсету туралы маңызды мәліметтер айтты.

«Еңбек ұжымының дені сау болса, компания да мықты болады. Жемісті еңбек ету үшін әрбір мұнайшының денсаулығы, көңіл-күйі тыныш болу керек. Біздің басшылық ұйымдастырып отырған шараның берер пайдасы өте зор», – деді медбике Айнұр Сисенбаева.



ІНДЕТ



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы семинар өтті

ЖУЫРДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОМПАЕНС ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН 2 АПТАҒА СОЗЫЛҒАН СЕМИНАР ӨТТІ.

Шара барысында күніне 40-50 кеңсе қызметкеріне 2 ауысыммен жемқорлық ұғымы, оны болдырмау және салдары туралы, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша тұщымды ақпарат беріліп, ұзынырғасы 800 адам қамтылды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы ҚР заңнамасының нормаларын Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы шақырылған заңгер Алмат Фазыл түсіндірді.

Лектор семинарда сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мен оның жауапкершілігі туралы мағлұматпен бөлісті. Заңға қайшы әрекет еткендерді ҚР Қылмыстық Кодексі бойынша қандай жаза күтіп тұрғанын қаперге салды.



АЛТЫНАЙ ӘЛЕМІ

ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ

Ол сөздің емес, істің адамы. Әріптестер бойынан жауапкершілік пен адалдықты көргісі келеді. «Бір компанияда жұмыс істеп жүрген біздің ойымыз да, мақсатымыз да, бағытымыз да бір болуы керек» – дейді мақала кейіпкері.

АНЫҚТАМА

Алтынай Нұрмұханова жергілікті колледжді техник-мұнайшы мамандығымен тәмамдап, мұнай саласындағы еңбек жолын 1991 жылы бастады. МГӨБ-те диспетчер болып жұмыс істеген ол жинақы, кез келген тапсырмаға жауапкершілікпен қарайтын маман ретінде басшылық көзіне түседі. 17 жыл осы міндетті абыройлы атқарған Алтынай 2008 жылы сапа бөліміне аға инженер лауазымына ауысады.

Ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында осы уақытқа дейін бірнеше бөлімде басшы болған Алтынайдың бүгінгі әлеуметтік саясат және әкімшілік қамту департаменті директоры орынбасары қызметінде іскерлік қабілеті жарқырай ашыла түсті.

ОТБАСЫ ТУРАЛЫ

Майталман маман мұнайшы әке мен мұғалім ананың тәрбиесін көрді. Бақытты да берекелі шаңырақтан шыққан ол ерке, ба-
тымды, ойын еркін айтатын саналы жан болып өсіп шықты.

«Қияғы бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ» демекші, Алтынай соңғы жылдары өміріндегі бақыты мен байлығын бала-шаға, отағасы деп ұғатын анасынан, сосын асқар тау әкесінен көз жазып қалды. Өлі күнге дейін әке-шешесі еске түскенде жүрегі сағыныштан сыздап кетеді.

Бүгінде әке орнына әке, шеше орнына шеше болып жүрген керемет аға-жеңгесінің барына Аллаға сансыз шүкіршілік айтады. Құдай берген екі сіңлісінің біреуі жарық дүниемен ерте қоштасты. Дана қазақтың «бір кем дүние» дегені осы болар...

Көңілдегі жадаулықты жанға медет жылы сөз, жылы мейірім айқытырады емес пе? Алтынай жан жарасын жазып, жүрегіне тыныштық беретін анасының аялы алақанын, сіңлісімен өткізген ұмытылмас сәттерді сағынады...



ХОББИ

Спортшы қыз 1996 жылдан бері №1 МГӨБ-тің, 2008 жылдан бастап «Өзенмұнайгаз» волейбол құрама командасының капитаны. Дүбірлі додадаларда ұпай саны бойынша өзге командалардан асып түсіп, жеңіс тұғыры биігіне көтеріліп, компания намысын қорғап жүрген қыздарымызға басшылық дән риза.

«Асықтың алшы түсуі-иірушісіне байланысты» демекші команда жеңісіне капитан Алтынайдың сіңірген еңбегі зор екенін айтпай кетуге болмайды.

«Адам өзі үшін маңызды, қызықты іспен айналысуы тиіс. Әйтпесе психикасында депрессия, апатия басталып кету қаупі бар» – дейді психолог-мамандар. Қарабайыр тірлікке ең беретін, жанына жағатын ісі бар жан бақытты.



ҚОРЫТЫНДЫ

Компания үшін аянбай еңбек етіп, тер төгіп жүрген Алтынай Нұрмұханованың деніне саулық, отбасына амандық, өміріне бақыт, қызметіне табыс тілейміз.


Өзен кен орны жаңа тарихының жарқын болашағы жолында бірге еңбек етіп, жетістікке бірге жете берейік, қадірлі әріптес.

СҮЙІКТІ КІТАБЫ

Тони Быюзеннің «Суперойлау» деп аталатын кітабын Алтынай Нұрмұханованың үстелінің үстінен табасыз.

Кітапта жазылған креативті ойлау, мәселелені шешу, сенімді түрде шешім қабылдау, жоспар құру, өзгелерді сендіру, келіссөздер жүргізу, қажет мәліметті есте сақтауға машықтану тәсілдері қызметте де, жеке өмірінде де көдеге жарап жатыр.

– Мына өмірдің беймаза ойларынан арылғыңыз келсе, кітапқа үңіліңіз... Кітап адамның ойлау жүйесін дамытып, еркін ойлауды үйретеді – дейді.





ЕҢБЕК АДАМЫ

Өндірісте өткен 30 ЖЫЛ

№3 МГӨБ өндірістік – техникалық бөлім бастығы Қанат Бітімов өз ісінің маманы. Қанаттың балалық шағы Бейнеу ауданы, Ақжігіт ауылында өтті. 1985 жылы әскерден оралған ол совхозда еңбек етіп, кейін Жаңаөзен қаласындағы мұнай және газ техникумына түсіп, 1989 жылы техникумды бітіріп, №2 МГӨБ-ке жұмысқа орналасады.

Уақыт шіркінге дауа жоқ екен... Содан бері мұнай саласында тер төгіп жүргеніне де анау-мынау емес 30 жыл өте шығыпты. Қанат еңбек ете жүріп, мұнай кен орындарын игеру бойынша білімін Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық университетінен толықтырады.

– Біздің жас кезімізде қазіргідей техникалар тапшы болды. Небір қиын күндер артта қалды. Еңбектен, қиындықтан қашпаған жан арманға қол жеткізеді. Бүгінде басқармада 1000-ға жуық мұнайшы еңбек етеді. 2019 жылы төрт вагон жаңартылды. 18 бригада, 23 топтық қондырғы, 6 шоғырланған стансы бар. Өмірге өкпем жоқ. Жұмысым өзіме ұнайды, Алла берген балалардың әкесімін, дейді Қанат Бітімов.

Еңбекқор мұнайшының еткен еңбегі басшылық тарапынан еленіп, түрлі мерекелік төсбелгі, Құрмет грамотасы, Алғыс хатымен марапатталды.

Адал еңбекпен биікті бағындырып, өзгелерге үлгі болған Қанаттың өмірлік жары Баян Сарбөпеева тәжірибелі медбике. Үлкен ұлы Манас мемлекеттік қызметкер. Бақытты мұнайшы немере, жиен сүйіп отырған ата.

«Еңбек мұратқа жеткізеді» демекші, тынымсыз еңбек етіп мақсатына жетіп, құрметке бөленген Қанатқа мың алғыс!



ҚЫЗМЕТ

АЖТБ-ның ТЫНЫС- ТІРШІЛІГІ



Өзен, Қарамандыбас кен орындарына қызмет көрсететін АЖТБ мекемесінің жұмысы – жүйелі. Өндірісте қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарын, автоматика, телеметрия жүйелерін үздіксіз техникалық қызметпен қамтамасыз етіп отырған басқарманың компания үшін алар орны – айрықша. Техниканың заманы саналатын қазіргі кез үшін, кәсіпорындағы барлық техникалар заманауиланған тұста, бұл мекеменің маңызы айтпаса да түсінікті.

Басқармаға қарасты 13 цехта 342 адам 13 түрлі бағытта жұмыс істеп, Өзен кен орнының жұмысын оңтайландыру тұрғысында қызмет атқаруда. 4 цех 4 МГӨБ-ке қабат қысымын сақтау, пеш жұмысы, құралдарды, мониторлерді жөндеу, компьютерлер жұмысын қарау бойынша қызмет көрсетсе, компанияға қарасты нысандардың локалдік, жаһандық желілер, вирустық қатерден қорғау, өлшеу құралдарын жөндеу, салыстыру, сынақтан өткізу, сондай-ақ, ақпарат өңдеу-бақылау жүйесімен айналысатын цехтар да бар.

Өндіріс орындарындағы алынған өнімнің қанша көлемі су мен майдан тұратынын анықтайтын аппаратты іске қосу, жөндеу осы мекеменің мамандарымен жасалады. Кәсіпорынға келген әрбір техниканы өндіріске енгізіп, үздіксіз, сапалы жұмыс атқаруын қадағалау – басқарма міндетіне жатады. Арнайы бағдарламамен іске қосылатын автоматикаға жауапты бағдарламашылар да АЖТБ-да қызмет етеді, дейді басқарма директоры Марат Садықов.

Соңғы кезде басқарманың әлеуметтік жағдайы жақсарған. Бұрын әр жерде шоғырланып, қызмет көрсеткен көптеген жұмысшыға жақында әкімшілік-шаруашылық кешен салынып, басым көпшілігі бір жерге жинақталған. Бұдан бөлек те түрлі шаралар қолға алынып жатырған көрінеді. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таба беретін болады.



ІС АДАМЫ

ӨЗМБ-НЫҢ ЖАЙЫЛҒАНОВЫ

ӨЗМБ-ның өндірістік-техникалық бөлім бастығы Қалдыбай Жайылғановтың өмірі осы энергетика саласымен тығыз байланысты.

Ол 1983 жылы Ашхабад қаласындағы Түрікмен политехникалық институтын электрофикация мамандығы бойынша тәмамдап, еңбек жолын заводта шебер болып бастаған. Адал еңбегінің арқасында аға шебер, электроцех бастығының орынбасары, заводтың бас энергетигі лауазымына дейін көтерілген. Дегенмен балаларының мектеп жасына келуіне, жергілікті жерде қазақша мектептің болмауына байланысты 1988 жылы Жаңаөзен қаласына қоныс аударған.

Жаңаөзенге келе сала жаңадан салынып жатқан тігін фабрикасындағы инженер-электрик қызметіне білек сыбана кірісіп, фабриканың ашылуына септігін тигізеді.

Ал ӨЗМБ-дағы еңбек жолы 1991 жылы басталды. Өндірістік-техникалық қызметке аға шебер болып тағайындалып, кейіннен бірнеше цехқа басшылық етіп, басқарма директоры лауазымында қызмет атқарған Қалдыбай Мәмішбайұлы қазіргі таңда – өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы.

Оның қарамағында 4 білікті қызметкер жұмыс істейді. Олар өндірістегі электржабдықтарды алдынала жөндеу кестесін бекітіп, жоспар орындалысы бойынша сараптама жүргізу, тауарлы-материалды құндылықтармен қамтамасыз ету, перспективалық даму, қайта құру, құрылыс жұмыстарымен айналысады. Мәселен, олар соңғы кезде кернеуі 6 кВ тарату тораптарын салу, өндіріс орындарындағы шыңырауларды,



топтық қондырғыларды электроэнергиясымен қамтамасыз ету, көшенді трансформаторлық қосалқы станцияларды жаңалау, яғни тоқ көзін беріп тұрған әуе, кабел желілерін ауыстыру, кернеуі 110, 35, 6 кВ болатын қосалқы станциялар салу жұмыстарын атқарып жүр.

– Биылғы жоспар бойынша 2 тарату торабы салынып, екеуіне қайта құру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Олар жыл соңына дейін дайын болады. Сондай-ақ үйлестіру, монтаждау жағы тиісті деңгейде атқарыла береді, – дейді тәжірибелі маман.

Компания дамуына 31 жылдан бері

ат салысып келе жатқан білікті маман 90 жылдардағы өндіріс жағдайын еске алды:

– Бұрын өндіріс аймағында ажыратулар болғанда сол жерде 2-3 күн жатып, жөндеу жұмыстарын жүргізетін кездеріміз болды. 1996 жыл қарсаңында осындай келеңсіздік орын алып, жаңа жылды жұмыста қарсы алғаным есімде. Ол кезде майлы қосқыштар қолданатын едік, қазір вакуумды-электр газды қосқыштар пайдаланамыз. Советтік кезде қолданған релейлік қорғаныс құралдарымыз бүгінде микропроцессорлыққа ауысты. Жоғарыда айтып өткеніміздей әуе, кабел желілерін қоғам бойынша жаңарту жұмыстары ойдағыдай атқарылуының арқасында қазір тоқ ажыратулары жоқтың қасы десек болады.

Өндірістің ыстығы мен суығына төзіп, Өзен кен орнының өркендеуіне үлес қосып жүрген кейіпкеріміз өзінің осы дәрежеге жетуіне басқармада еңбек еткен Дәрмен Бекімов, Бектіғали Көңілов, Талғат Батыров, Ердеулет Шонтыбаев, Бақыт Торғаев ағаларының септігі тигенін айтады. Қалдыбай Жайылғанов осы ардагерлерден алған тәлімін практикада қолданып, шыңдалып, мекемеде ойып алар орны бар қадірлі кадрға айналды.

Қазіргі таңда бар білгенін әріптестеріне үйретіп жүрген жайы бар. Шәкірттерінің арасында Мұрат Оспанов, Иса Тұнықбаев, Жомарт Әлқуатов, Мұхит Жамаловтардың болашағынан зор үміт күтеді. Сонымен бірге жаста болса мекемелерін басқарып отырған басқарма директоры Қуандық Едіпов бас инженері Үмбет Қыдырбаев қоғам бойынша 2021–2025 жылдарға арналған бизнес жоспардың орындалуы жолында аянбай еңбек етіп, өздерінің адалдығымен, парасаттылығымен ұжымның жадында жүрген азаматтар екенін айтып өтті.

Қалдыбай Мәмішбайұлының әкесі саналы ғұмырын инженер-құрылысшы мамандығына арнаған. Анасы да сол мекемеде қоймашы болып қызмет атқарыпты. Өзін еңбекке баулыған әке-шешесін ризалықпен еске алған азаматтың зейнетке шығуына екі жылы қалыпты. Ол жақсы энергетик болумен қатар бірнеше баланың әкесі, үлгілі отағасы. «Ат тұяғын тай басар» демекші, бүгінде баласы да №4 МГӨБ-те жемісті жұмыс істеп жүр. Үлкен қызы Ұлыбританияда құрылыс саласында еңбек етуде.

Қалдыбай Жайылғановтай білгір әрі іскер маманы көп компанияның болашағы жарқын!





МҮМКІНДІК

Білімділерге қолдау көрсетілгі



Биыл Жаңаөзен қаласының 50 оныншы сынып оқушысы үшін алғашқы қоңырау «IQanat High School of Burabay» мектеп-пансионатында соғылады. Оқушылар жазғы демалыста уақыттарын жоғалтпай, Қазақстанның үздік инновациялық мектептерінің біріне тестілеуден өтті. Тестілеу математикалық, сыни және ойлау кеңістігі бойынша 3 кезеңде өтті. Оған Жаңаөзен қаласынан 858 оқушы қатысты.



Жаңаөзен қаласының оқушыларында еліміздің үздік мектептерінің бірінде білім алу мүмкіндігі «Өзенмұнайгаз» АҚ бастамасы мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту Қорының қолдауының арқасында пайда болды.

Жаңаөзен қаласының оқушыларын дамытуға бағытталған бұл жобаны еліміздің Үкіметі де қолдады.

Жоба операторы «IQanat білім беру қоры» Қоғамдық қоры болды.

«IQanat» Қоры балалардың кәсіби қырынан өздерін танып, жұмысқа орналасуына, жеке басының ерекшеліктері мен еңбек нарығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, оқушыларды мамандық таңдауға дайындауға көмектеседі.

Жобаға қатысушылар өз білімдерін жетілдіріп қана қоймай, келешектегі даму үшін қажетті дағдыларды - сыни ойлауды, эмоционалды зияткерлікті, көшбасшылық қасиеттерді, өзін-өзі ынталандыруды меңгереді. «IQanat» мектебінің заманауи әдістемелері мен жаңашыл тәсілдемелері бойынша оқыту нәтижесінде балалардың академиялық көрсеткіштері артады, өзекті техникалық және шығармашылық IT-дағдылары қалыптасады.

Қазақстандық кәсіпкерлерінің IQanat жобасы 5 жыл бойы Қазақстанның барлық өңірлерінде ауыл оқушылары мен мұғалімдерін қолдауға бағытталған әлеуметтік-білім беру бағдарламаларын іске асырып келеді. «IQanat High School of Burabay» мектебіндегі оқушылардың 80%-ы аудан, облыс, республика деңгейінде іріктеудің 3 кезеңінен өтіп, мектепте тегін оқу мүмкіндігіне ие болған ауыл оқушылары.

«IQanat High School of Burabay» мектебінің 2022 жылғы түлектерінің 86,44%-ы ҚР БҒМ-нен, Назарбаев университетінен және АҚШ-тағы, Канададағы, Түркиядағы, Литвадағы және Еуропа мен Азияның басқа да елдеріндегі жоғары оқу орындарының гранттық қаржыландыру алды.



ӨНДІРІСТІҢ ӨЗ АДАМЫ

Технологиялық транспорт басқармасы директоры Жамбыл Ноғаев ісіне адал, абзал азамат.

Ол 1962 жылы қыркүйек айында Түрікменстанның Небиттау қаласында дүниеге келген. 1966 жылы төрт жастағы бала Жамбыл ата-анасымен киелі қазақ жеріне қоныс аударып, Маңғыстау облысына табан тіреді. Осылайша қарапайым қазақ өулетінің туған жердегі тұрмыс-тіршілігі жалғасын табады. Мақала кейіпкері 1970 жылы Қызылсай ауылында мектепке барады. 1981 жылы Мәскеуге әскерге шақырылады. Әскерден оралған Жамбыл еңбек жолын 1983 жылы технологиялық транспорт басқармасында жөндеуші болып бастайды. «Жас келсе, іске» демекші еңбекқор жігіт жүргізуші, көтергіш агрегаты машинисі сияқты сан түрлі жұмыстарды тартыншақтанбай, бірден игеріп кетеді.



Жан дүниесі сұлу азамат

Талапшыл адам үнемі алдына мақсат қояды. Жамбыл Ноғаев та сондай жандар қатарынан еді. Білімін жетілдіру мақсатында техникумға құжат тапсырып, механик мамандығын алып шығады. Содан соң жоғары оқу орнында оқып, дипломға да қол жеткізеді. Алғашқы еңбек жолын №3 технологиялық транспорт басқармасынан еңбек жолын бастайды. 1993 жылдан бастап механик қызметін абыройлы атқарады.

1995 – 2005 жылдар аралығында орта буын тобында түрлі жұмыстарды жөнге салады. Осы аралықта механикалық жөндеу шеберханасының, пайдалану бөлімінің бастығы қызметін де атқарады. 2012 жылы өзі басшылықта отырған мекемеге бас инженер болып қызметке орналасады. Бұл жұмысты 2015 жылға дейін атқарады.

Шілде айынан бастап, №3 СКҚБ-ға бас инженер қызметіне ауысады. Бір жарым жыл атқарған инженерлік қызметтен кейін, 2017 жылы ТТБ директоры лауазымға ұсынылады.

Қазіргі уақытта Жамбыл Мырзалиұлы басшылық ететін мекемеде 449 адам еңбек етеді. Мекемеде барлығы 274 техника бар. Олардың ішінде 165-ы автобус, 109-ы жеңіл автокөліктер.

Компанияға қарасты он бес өндірістік құрылымдық басқармада еңбек ететін мұнайшыларды жұмысқа жеткізу, үйіне алып қайту – Жамбыл Ноғаев басшылық ететін басқарманың тікелей міндеті.

Басқармада еңбек етіп жүрген әр мұнайшының отбасының әлеуметтік жағдайынан хабардар болып отырған басшылық қызметкерлеріне барынша қолдан келген көмекті көрсетіп келеді.

Компания мұнайшы өмірі мен денсаулығын әрқашан бірінші орынға қояды. Үнемі әлеуметтік мәселенің жақсаруын басты назарда ұстап жүрген басшылық қажетті құрал-саймандар, арнаулы киімдердің дер кезінде жаңартылып тұруын қатаң бақылауда ұстайды.

Жамбыл Ноғаев ел экономикасын дамытуға өлшеусіз үлес қосумен қатар отбасында адал жар, ардақты әке, мейірімді ата. Зайыбы Зина Ноғаева екеуі тату-тәтті өмір сүріп, ұлықты ұл мен қылықты қыз өсіріп отырған бақытты адамдар. Табысқа жеткен еркектің артында мықты әйел тұрады. Азаматтың жары Зина Ноғаева ұзақ жылдар бойы ұстаздық етіп, бүгінде мектеп директоры қызметін абыроймен атқарып келеді.

Қызметтен қолы сәл босай қалса, таза ауада әсем табиғатты тамашалағанды жаны сүйетінін азаматтың жан-дүниесі сұлу, жүрегі мейірімділікке толы.

Аружанға

Аппақ үкің үлбіреп,
Той көйлегің желбіреп,
Қалықтап кетіп барасың,
Бақытыңды түзде іздеп.

Көркі боп туған үйіңнің,
Рызық беріп төріме.
Қонақтан қайтып барасың,
Бағы боп, басқа өңірдің,

Уақыт неткен жүйрік ең,
Қадірін жете білмеген.
Ұяңнан ұшып барасың,
Теңінді тауып, іздеген.

Ұзатып салам, жолыңа,
Еліңе құт боп қонғайсың.
Қосағыңмен қоса ағар,
Басыңнан бағың таймасын!

Рәмила ҒИМРАНҚЫЗЫ,
№3 МГӨБ жұмыскері



kartinkin.net



Үлкен қалаға шағын қалашықтан келіп оқуға түскен екі қыз бір үйдің қыздарындай тату-ақ еді... Бәрі жатақханада өткен жаңа жылдық кештен кейін өзгерді. Өзін жатақхана сұлуымын деп жүрген Жадыра кеште өзіне қарамай қасындағы Айданаға жабысып қалған Сұлтанға өлердей ренжіді. Үндемей жүріп, істеп жүргенін қара, – деп қаралай құрбысына кектенді. Оның ешқандай жазығы жоқ екенін түсініп тұрып түсінгісі келмеді.

Қыз бен жігіт киноға кеткен күні өксіп жылап алды. Ертесі күні басым ауырып отыр деп сабаққа бармай қалды.

Көктемде қолында бір уыс гүлі бар Әмина бөлмеге жүгіріп кірді де бұны бас сап құшақтады. Бұл бірден түсіне қойды. Жүрегі тілім-тілім болған ол бақыттан жүзі бал-бұл жанған Айдананы иттің етінен жек көріп кетті. Ол болса ештеңені байқайтын емес. Аузы-аузына жұқпай сөйлеп жатыр.

– Менен керемет келіншек шығады деп ойламаймын. Тамақты да түрлендіріп пісіре алмаймын. Қонаққа барып, өзгелермен не туралы әңгімелесу керек екенін білмеймін. Мен Жадыра сияқты әдемі қалпақ киіп те жүре алмаймын. Баланы қолымнан түсіріп алып өлтіріп алсам қайтем... – дедім дей ма-ау, өз-өзінен сықылықтап күле ме, әйтеуір сабырлы Айдана біртүрлі болып тұр.

Жадыра Айдананың бақыттан, махаббаттан есіріктеніп сөйлеп тұрғанын білді. Арасында көзін жасқа шылап алды. «Ғашық адамға дауа жоқ екен»-деді ішінен Жадыра. Іші күйіп барады. Сұлтан десе сұлтан ғой шіркін. Бой десе бой, ой десе ой бар. Үлкен қаланың орталық көшесінде тұрады. Астында көлік. Әкесі кәсіпкер. Өл де маған...

– Шынымды айтайын, Айдана... Сол жігіт маған бір көргеннен ұнамады. Сен мән бермеген шығарсың, өткенде сенің туған күніңе әкелген тортты жегенде еп-ерсі қылып, еркек басымен саусақтарын жалады... Құдай сақтасын, тура бұзау сияқты. Күліп қоймайын деп өзімді әзер ұстадым... Жөтелгенде тіпті аузын көлегейлеуді де білмейді. Колхоз!-деп кергі сөйледі қызғаныштың қызыл иті ішін тырнаған Жадыра.

Ренжудің орнына Айдана ал көп күлсін. Сосын бұны тас қып құшақтап, бетінен шөп-шөп еткізіп сүйіп алсын... Ал керек болса... «Ақымақ болып қалған ба өзі... Сөз жоқ екен...» – деді Жадыра құрбысынан қаралай түңіліп...

Содан Айдана жиналып, өзіне жазда құда түсуге келетінін айтуға үйіне келіп отырған беті... Іші қыпылдап қояды...

– Сүт қатып, шай ішейік,-деді анасы күлімсіреп.-Қазір әкең де жұмыстан келеді.

Анасы қуанып жүріп шайды құйды, буын бұрқыратып қуырдағын әкелді. Әмина тәтті-жұмсағын шығарды. Енді дастарханға отыра бергенде «мә, Алматыдан Айдана келіп жатыр ма?! Қызың әкелген тәттілерді бізге көрсетпей, тығып жеп отырсың ба? – деп даңғырлай сөйлеп көрші келіншек Күлімхан келе қойды. Қасында 2 жасар баласы бар. Үшеуі шүйіркелесіп отырып, шай ішті.

Күлімхан баласының аяғы қисық екенін айта бастап еді, пенсіге дейін тарих пәнінің мұғалімі болған Айдананың шешесі «шырағым, бұл моңғолоидтың ата-бабасы ғасырлар бойы аттың үстіне отырған. Балаңның аяғының түзу болмауы заңды» – деп тойтарып тастады.

Күлімхан не десін...

Терлеп-тепшіп шай ішіп отырып, күлді де қойды...

Шай ішіп болған соң сөзуар келіншек «пәленшенің екі бұтының арасынан түйе өтіп кететін қатыны еп-ерсі болып тар шалбар киіп алыпты»-деп қоңырсытып әңгіме бастап келе жатыр еді, өзіне жақтырмай алара қараған көзді сезіп, сөзін доғара қойды. Есесіне анасы пакетке салып келіншекке базарлық деп біраз дәм салып берді.

Теледидардан бір әжептеуір компания 15 балаға пәпкі бердік, сызғыш бердік деп жар салып жатыр екен... «Жақсылықты үндемей жасайтын дәрежеге қашан жетер екенбіз» – деп ойлап қойды ішінен Айдана.

Өміріне көп шағымданбайтын анасына қымбатшылық батып жүрген секілді. Сөз арасында «адамдардың табысы доллармен арту керек. Теңгемен өскені керек емес. Инфляция деген жалмауыз жеп қояды... Тапқан ақшасы тамақтан артылмайтын ел ешқашан дамымайды» – деді күрсініп...

Бойжеткеннің анасына, өзіне, аш болмаса да адам сияқты өмір сүрмей степендиядан сиепендияға сүйретіліп жүрген студенттерге жаны ашып кетті. Ол өзінің жаңалығын кешке әкесі келгесін айтпақшы болды. Көлік жөндейтін шағын цехта жұмыс жасайтын әкесі кешке үйге жолдастарымен келді. Ет жеп, шай ішіп отырып алды. Ертең ертелетіп автобуспен Алматыға қайтпақшы болып отырған Айдана өздері болып оңаша қалуды тағатсыздана күтті. Қонақтар асығатын емес. Өз үйлерінде жатқан адам сияқты. Көр-жерді әңгіме етіп отырып алды... Ас үйде ыдыс жуып тұрған Айдананың құлағына «-кәдімгі ақ мәрлі бар ғой, соның өзі Өзбекстаннан келеді... халық көтеріліп, билікті төңкеріп тастау керек...» деген «саясаткерлердің» үзік-созық сөздері естіліп жатты.

Шаштаразда істейтін сіңлісі Мәдина келіп мойнына асыла кеткенде бейқам тұрған Айдана селк етті.

– Неғып жүрсің, а? – деп қояды қу қыз. Іші бірнәрсені сезіп тұрғандай... Бұл сіңлісімен бірге бөлмесіне кірді. Үстелінің үстінде тұрған «Жинақы өмірдің таңғажайып құпиясы» деген кітаптың арасынан Дарсидың фотосы сырғып еденге түсті. Кітапты көп оқитын қияли қыз дәл осылай күліп қарайтын адамды іздеп жүрген сияқты. Шаққа «Өмір сүр, өзгелерге өмір сүруге кедергі келтірме!» деген жазу ілініп тұр екен.

Даладан мәшиненің даусы естілді. Айдана терезені ашты. «Шіркін-ай, депутат болсам ғой, дым істемей ақша алып өмір сүрер едім» дейтін, бүгінде мемлекеттік қызметкер боп жұмыс істеп жүрген інісі көлігінен ширақ түсті. Мәшинесіндегі радиодан Леонтьев пен Вайкуле «Вернисаж» әнін шырқап жатыр екен. Інісімен бірге бірінші этажда тұратын Толқын апа ілесе келді. Анасы азаматы жоқ Толқын апаны аяп отырады.

«2 жыл пандемия мен қаңтар оқиғасы жүйкесіне біраз салмақ түсірді ме? Соңғы кезде қан қысымы жиі көтерілетін болып жүр»-деп қояды...

30-ға таяған қызы бар болғыр да тиетін байына тиіп болмай, жігіт болған баласы да үйге келін әкеліп болмай шешесінің уайымын еселеп қойды деп отыратын еді шешесі...

Толқын апа расында да шаршап қалыпты. «Аяңдап кәрілік жақындап келе жатыр. Қызымды құтты тұғырына қондырып, арқайын өлсем деп армандаймын» – деп қояды күрсініп...

Шешесі бәйек болып көрші апаның көңілін аулап әлек.

– Жақсы хабар естіп жатырмыз. Ұзағынан сүйіндірсін. Бір балаң екі бала болғалы жатыр екен,-деді. Сол сол екен Толқын апа ұзақсонар әңгімеге кірді де кетті... Айдананың шыдамы таусылайын деді...

Кластас Сәлима хабарласып, киноға шақырды. Уатсапқа «каникулдың кезі емес, жайша жүрсің бе?» – деп ойланып тұрған смайлик салып жіберіпті.

– Шырағым, сен аңсаған жылтырақ дүниеге менің қаражатым жетпейді дедім, маған ақшаны желге ұшыратын қатын керек емес... деп Толқын апа әңгіменің қызығына әбден түсіп алыпты. Шешесі де қызын ұмытып кеткендей, бар зейінімен көршісін тыңдап отыр.

Көзі теледидардағы жарнамаға түсті... сүйкімді сиыр адамша сөйлеп, сауыншыға «аялы алақаның үшін рахмет» деп жатты.

– Сорлының сүйегі асыл ғой... Әйтпесе бір басында миллион проблемасы бар. Кредит, маскүнем бай, тентек балалар, мияу ене, жұмыс... Жын қағып кетпей жүргеніне қайранмын...

Айдана тақырыптың 180 градусқа өзгергенін сезді. Көңілі алабұртып тұрған жанға қаланың үйі тарлық етіп тұрғандай болып кетті.

Өзіне сұраулы көзбен қараған анасын құшақтап, бетінен сүйді де, «қазір келемін», – деп далаға шықты. Кешкі ауа керемет болып тұр екен.

Үй алдындағы орындықта отырған оқуға құлқы болмаса да екі баласына экономист пен юристің дипломын алып беріп, жұмыссыз жатқаны үшін үкіметті қарғап жүретін Зүбайда апа мен байлықтың мәдениет пен білім екендігінде шаруасы жоқ, қит етсе «ана қалада үйім бар, мына қалада үйім бар» деп мақтанатын көрші атамен дауыстап амандасты.


Уатсапқа тың етіп Сұлтаннан «не болды жаным, әке-шешенің рұқсатын берді ме?»-деген хабарламасы келіп түсті. Бақытты қыздың жүрегі лүпілдей соғып, көңілі әндете жөнелді.

Ол дәл осы кезде жатақхана бөлмесінде жалғыз қалған Жадыраның жақсы көретін ойыншығы сынып қалған жас балаша өксіп жылап жатқанын білген жоқ еді...

Бибігүл Бөбекбай



«Өзенмұнайгаз» — ЧЕМПИОН!



Жыл сайын тамыздың 3-жексенбісінде елімізде Спорт күні аталып өтеді. Бұл күні республика бойынша әр түрлі спорттық жарыстар мен сайыстар ұйымдастырылады.

Осы мерекеге орай 21 тамыз күні Ақтау қаласында Маңғыстау облыстық футбол федерациясының ұйымдастыруымен ерлер арасында шағын футболдан облыстық жарыс өтті.

50 жастан жоғары ойыншылар арасында өткен бәсекеде «Өзенмұнайгаз» АҚ құрама командасы қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, бас жүлдені қанжығасына байлады.

Жеңімпаздар Маңғыстау облыстық футбол федерациясы атынан жарыс кубогі мен облысымызда футбол дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін Алғыс хатпен марапатталды.



Нұр Өсербаев ЖҮЗУДЕН ЧЕМПИОН!



Казақстанда алғаш трансплантация жасалғанына 10 жыл толуына орай 8–11 тамыз аралығында Нұр-Сұлтан қаласында өткен республикалық жарыста №1 МГӨБ-ке қарасты өндірістік техникалық бөлім басшысы Нұр Өсербаев жүзуден 1-орын иеленді. Чемпион жігіт 2023 жылы Австралияда өтетін халықаралық жарысқа жолдама алды.

Өріптесімізге жеңіс құтты болсын дей отырып, сәттілік тілейміз.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Тобыр ешқашан биіктерге жетпейді және үлгі алатын жақсы нәрсе жасамайды.

Сайдмұрод Давлатов

(өзін-өзі жетілдіру ғылымының докторы).



Кино ағамды өзгертегі

«Форрест Гамп» кинофильмі – XX ғасырдың екінші жартысындағы америкалық мәдениет, қоғам, саясаттағы өзекті мәселелерді көрсеткен тамаша туынды. Картинаның басты кейіпкері Форрест Гамп - Американың оңтүстігінде тұратын IQ деңгейі төмен жақсы бала. Фильмде Форрест автобус аялдамасында отырып, кездейсоқ келе жатқан адамға өзінің ерекше өмірінің тарихын айтады.

Форрест – өте ақылды болмағанымен мейірімді және ашық жігіт. Ол кішкентай кезінен бастап аяқ ауруынан зардап шегіп, көрші балалар оны мазақ етті. Бірақ бір күні Форрест өзінің керемет жүгіре алатынын түсінді. Форрестің анасы оған ақымақ сияқты әрекет ететін адам ғана ақымақ болатынын айтып, оның басқалардан нашар емес екеніне сендіреді. Осы қолдаудың және сәттіліктің арқасында Форрест Гамп көптеген биіктерді бағындырды. Ол футбол мен үстел теннисінің жұлдызына айналды. Колледжді бітіріп, Вьетнамда соғысады, Президенттің қолынан медаль алады және Джон Леннонмен танысады, көп миллиардтық бизнес құрып, адамдарды жүгіруге шабыттандырады. Дегенмен Форрест үшін мұның бәрі оның бала кездегі досы Дженниге деген махаббатының қасында түк емес. Дженни бастапқыда әрдайым қасынан табылып, қолдап, қорғағанымен көп ұзамай олардың жолдары екіге бөлінеді. Десе де басты кейіпкердің сүйіктісіне деген ынтызарлығы ондаған жылдарға созылады.



Кітап ағамды өзгертегі

Steppe&World баспасы шығарған «Жинақы өмірдің таңғажайып құпиясы» кітабын оқуға кеңес береміз.

Жапон қызы Мари Кондо үй жинаудың құпиясын айтады. Осы кітапты оқығаннан кейін үйден бірталай зат қоқысқа тасталатынына күмәніңіз болмасын.

Автордың киімге қатысты кеңестері кім-кімге де пайдалы.

«Шафтың ішін реттеу керек еді» деп ойлап, мойны жар бермей жүрген адамдар бұл кітапты міндетті түрде оқуы тиіс.

Жұмыс үстелі үстінде жатқан кітаптар мен қағаздарды КонМари әдісімен жинап көруге кеңес береміз.